



Филология ғылымдарының докторы, профессор
Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының
75 жылдық мерейтойына арналған
**“ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСІНДЕГІ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ”** атты
халықаралық ғылыми-теориялық
конференциясының

ЖИНАҒЫ

Алматы, 2025

8. O'zbek tilining izohli lug'ati. Ikkinchi jild. –Toshkent: G'afur G'ulom nomidagi nashriyot-matbaa ijodiy uyi, 2022. – B. 698.

9. O'zbek tilining izohli lug'ati. Beshinchi jild. –Toshkent: G'afur G'ulom nomidagi nashriyot-matbaa ijodiy uyi, 2022. – B. 369.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ – МАҒЫНА АСТАРЫНДА

Қосымова Гүлбану

Ф.ғ.д., профессор

Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақстан Алматы қаласы

Email: gkosym@inbox.ru

Annotation. The article examines *the cognitive meaning of phraseological units in the Kazakh language. Phraseological units are the fruit of a long epoch, the origin of which goes back to ancient times. The correctness of the concept of "twin man" with nature testifies to the original cognitive meaning of phraseological units in the Kazakh language.* Under the first society, tribes, relying on their work and their experience, sought to know the secrets of nature, immersed themselves in world space, and worshiped natural forces. The image of the surrounding world formed the totality of human worldviews, the fruit of his conscious thinking gave rise to phraseological units. The phraseological units summarize the features of human cognition of the world. From the very beginning, intuition, born of simple research, cognition, and reflection on heavenly, earthly, and underground wonders, led a person to live in the ratio of Nature + Man + society. In linguistic communication, people's knowledge, caused by the observational study of the actions of nature and members of society, is encoded in language and thus a linguistic picture of the world is formed in the sense of phraseological units. The cognitive and cultural aspects of phraseological units reveal a system of truths and a philosophy of existence based on opposite categories reflecting the relationship between human life and the environment, recognized as values in life cognition.

Keywords: phraseology, national cognition, philosophical essence, human activity, nature, linguistic image.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің орасан әлеуметтік танымдық қызметі қазақтардың рухани өмірін, дұрыс деп таныған мәдени дәстүрлерін және күн көріс философиясын айқын аңғартады. Кейінгі ұрпаққа өмір сүру философиясын түсіндіріп беретін фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілерін жеке зерттеу нысаны етіп алып талдаған профессор Гүлдархан Смағұлованың еңбектерінің танымдық мәні зор. Қазақ тіліндегі ұлттық танымға негізделген фразеологиялық деректерге талдау жасай келе, Г.Смағұлова: Егер тілде фразеологизмдер сақталмай, бізге жетпеген болса, қазақтардың рухани өмір сферасы қалай анықталып, қандай мәдени өмірге сүйеніп, пікір айтылар еді. Сақалын сипау мораль, этика үлгілері болса, қара шаңырақ мұнда да мораль бар әрі этнографиялық ұғым, ат кекілін кесісу, ақ түйенің қарны жарылу этнолингвистикалық білімдерді қажет етеді. Осыған орай, әр ұлт тілінің әлеуметтік қуаты арқылы мәдениет сақталады», - деген пікірі ойландырмай қоймайды [1, 146].

Фразеологизмдерді оқытуда біз әдетте олардың құрылымы мен эквивалентті мағынасын түсіндірумен ғана шектелеміз. Ал фразеологизмдердің табиғатында жасырынып жатқан адамзаттық ұғым-түсініктерді ашуға бара бермейміз. Басқаша айтар болсақ, адамзаттың әлемді танып білу кезеңдеріндегі саналы ойлаудан туындаған танымдық мәнді ескермейміз. Танымдық (философиялық) мән неден туындайды? Адам баласының дүниені салыстырып қарастыруы, танып-білгендерінің нәтижесін қорытындылауы, табиғаттың тұтас бейнесін қайта қараудағы әрекеттері философиялық толғаныс пен танымдағы талпынысты тудырады. Қай кезеңде болмасын, әсіресе табиғат тұтастығын аңғарып, түсінуге тырысқан алғашқы кезеңде табиғат байлығы адамның материалдық қатынасын арттырды, оның қолданар затына, өмір сүру қаруына айналды. Табиғатпен санасудағы адамның практикалық

іс-әрекетінің жетілуі оның табиғи ортаға ықпалын арттырды, табиғатпен жақындастыратын түрлі магиялық әдет-жоралғыларды тудырды, ортаның құбылысын болжайтын қабілетті қалыптастырды. Қоршаған ортаның құбылыстары туралы болжамдар халықтық сөз қолданыстарындағы түйінді ойларды бойында сақтаған фразеологизмдерді қалыптастырды. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің дені халықтың табиғи ортасына, өмір сүру салтына, тіршіліктің иесі саналған жануарлар мен аң-құстарға деген көзқарасын айқындайды.

Қоршаған әлем бейнесі – адам дүниетанымының жиынтығы, саналы ойлауының жемісі. Онда адамның дүниені танып-білуінің негізгі ұғым-түсініктері жинақталған. О бастан аспан әлемі, жер үсті, жер асты ғажайыптарын қарапайым зерттеуден, танып білуден, ойқорытудан туған түйсіктер адамды *Табиғат + Адам + Қоғам* арақатынасында өмір сүруге әкелді. Тілдік қарым-қатынаста адамдардың табиғат пен қоғам мүшелерінің әрекеттерін бақылап зерделеуден туындаған білімдері тілде кодталып, сол арқылы әлемнің тілдік бейнесі түзілді.

Қазақ ақын-жыраулары жырлаған байтақ дала, көк аспан, жеті қабат жер асты – көшпелілер мен қазақ мәдениетінің құндылық кеңістігінде өзектілігін жоймаған архетиптер. Философия сөздігінде архетиптерді тарихтың терең қойнауларынан үзілмей өсіп шығып, қазіргі мәдениеттің нормалық құндылық кеңістігінде өз маңызы мен мағынасын жоғалтпаған және бүгінгі адамдардың әрекеттеріне жалпы жоба беретін баптық-құндылық бағдарлар деп көрсетеді [2, 249].

Фразеологизмдердің қоршаған ортаны түсінудегі, дұрыс өмір сүрудің қағидаларын түзудегі күші ерекше. Осы жерде өткен ғасырдың 60-жылдары сөздің ерен күшін елемей жүрген замандастарына айтқан орыс жазушысы К.И. Чуковскийдің сөзі ойға оралады. Ол: «Люди так и представляли себе, будто мимо них протекает могучая речевая река, а они стоят на берегу и сбессильным негодованием следят, сколько всякой дребедени и дряни несут на себе ее волны... Но можем ли мы согласиться с такой философией бездействия и непротивления злу? Неужели мы, писатели, педагоги, лингвисты способны только плакать, негодовать, ужасаться, наблюдая, как портит русский язык, но не смеем и думать о том, чтобы мощным усилием воли подчинить его своему коллективному разуму?»

Пусть философия бездействия имела свой смысл в былые эпохи, когда творческая воля людей так часто бывала бессильна в борьбе со стихиями, в том числе и со стихией языка. Но в эпоху завоевания космоса, в эпоху искусственных рек и морей неужели у нас нет ни малейшей возможности хоть отчасти воздействовать на стихию своего языка? Всякому ясно, что эта власть у нас есть, и нужно удивляться лишь тому, что мы так мало пользуемся ею», – [3, 159] деген еді. Рас, сөз – адам баласының қоғамды тәрбиелеуде, мінез-құлықты қалыптастыруда, әсіресе тілдің қызметін танытуда күшті қару.

Көпшілік тарихи дәуірдің алғашқы кезеңін қиялға бой ұру деп қабылдауы мүмкін. Алғашқы қоғам тұсында өз еңбегіне, өз тәжірибесіне сүйенген тайпалар табиғат сырын білуге талпынды, әлемдік кеңістікке үңілді, табиғи күштерге табынды. Мысалы, «Жағасы жайлау, төбесі қыстау» дейтін фразеологизмнің мағынасы: «мол өмір, уайым-қайғысыз тіршілік, еркіндік, көңілділік, жайбарақат күйде күн кешу» делінген [4, 225]. Мұның астарында қандай таным жатыр? Малдың қамымен көшпелі өмір сүрген халық үшін жайлау мен қыстау – шешуші сөздер. Жылдың төрт мезгілінде тындыратын істердің нәтижесі осы жайлау мен қыстауда жүзеге асқан. Көшпелі өмір сүрген халық үшін жайлау – тыныштықтың, тоқтықтың, жайлылықтың, еркіндіктің символы. Жайлаудың табиғаты – көшпелілер ғұмырына мейірімін төккен, адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Жайлауда табиғат құбылыстарының бар кереметі адамдарды қуанышқа бөледі, жанын сүйсіндірді. Ал қыстау – жан тыныштығының, тоқтықтың, уайымсыздықтың, жайбарақат күн кешудің символы, себебі көктем, жаз, күз айларындағы тынымсыз тірліктің жемісін көретін шақ. Міне, махаббат пен мейірім жүрегіне ұялаған жанның шабытты күйін жеткізу үшін қазақ жағасы жайлауда, төбесі қыстауда деп тұжырым шығарды. Мысалы, «балығы жылқы жусатпас, бақасы кісі ұйықтатпас» деген фразеологизмнің танымдық мәні сөздікте ашылмаған. Фразеологиялық сөздікте оны «айдын шалқар көл, дария, сулы алқап туралы айтылған» деп қоя салған [4, 115]. Аталған фразеологизмде дарияның жағасында өмір

сүріп, шаруасын жайлаған қауымдастықтың өмір тәжірибесімен қоса, суы мол дариядағы «балығы тайдай тулаған, бақасы көлде шулаған; жайбарақат күйде күн кешу» көрініс көз алдымызға келеді. Тағы бір фразеологизмді талдар болсақ, ол мынадай: «ағаштан бал, шөптен сүт ағылды». Осы фразеологизмнің сөздіктегі мағынасы: «көл-көсір молшылық болды» делінген. Бұндай түсінік фразеологизмнің астарында жатқан танымдық мәнді аша алмайды. Фразеологизмнің танымдық мәні тереңде жатыр. Тіршіліктің тал бесігі болған, адам баласының асыраушысы, қорғаушысы болған табиғат және ол бұзылмаған табиғаттың адамзатқа берер сыйы мол болды деген түсінік жатыр. Қазіргі сөз қолданыста, өкінішке орай, аталған фразеологизм жоқ.

«Адам өтпес, аң жүрмес *адам аяғы баспаған» деген фразеологизмді де біз бүгін қолдана алмаймыз. Себебі оның беретін мағынасы: кісі де, хайуанат та аяқ баспайтын жер. «Құлан жортпас, құс ұшпас құла түз, қу мекиен». Ісмет Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» осы мағынаны ашу үшін деректі «Қазақ ертегілерінен» алған: «Сонан соң ол боз тайлақтың үстіне мінеді де, адам өтпес, аң жүрмес қалың тоғайдың ар жағына өтіп кетеді, мұз дарияға жетеді» (Қаз.ертегі) [4,16]. Бүгінгі таңда әлемдік кеңістікте адам баласы баспаған жер жоқ. Қазіргі адам тұмса табиғаттың бұл кереметін көре алмайды, өйткені соңғы жылдары табиғат ресурстарын ашкөздікпен пайдаланудың артуына байланысты адамзаттың табиғатқа тигізген әсері күшейді. Ғылым мен технологияның күшімен табиғат байлығы қолайсыз өзгерістерге ұшырады (шөп тапталды, ағаш кесілді, орман жойылды). Осы себепті аталған фразеологизмнің философиялық мәні жоғалды.

Ортаға тәуелді қауымдастықтар арасында әр заттың «өз жаны» болады деген наным-сенім де орын алды. Олардың магиялық құпиясын күмәнсіз қабылдайтын рәсім-жоралғылар қалыптасты. Мысалы, «Айдан ұл тудырып, күннен қыз тудырып» деген фразеологизмнің мағынасын сөздікте «қолдан келгеннің бәрін істеді, болдырмасты болдырды» деп түсіндірілген. Менімше, бұл түсінік аталған фразеологизмнің философиялық мәнін ашпайды. Халықтың ұғымында Ай мен Күн–тіршіліктің көзі, жақсылық атаулының қайнары, тіршілік иелерінің табынар магиясы. Ай мен Күннің адам баласының түсінігінде магиялық күші – жасампаздығында, жер бетінде көркемдікті, тазалықты, пәктікті, сұлулықты, мәрттікті, ерлікті жүзеге асыруында. «Айдан ұлды тудырып, Күннен қызды тудырып, Хан Зайтунға берсін ол» («Боз жігіт») [4,22]. Осы сөйленістің астарында «Ай мен Күндей, Әлемге бірдей болатын ұл мен қызды тарту ету» деген ойлы мағына жатыр.

Қазақтар қастерлеген ата қоныс, мекен-жай атауларына байланысты және мінез құлқы мен тіршілігін адамға ұқсатқан байғыз, көкек, сауысқан, қарға, тасбақа т.б. аң-құс, жан-жануарлар туралы аңыздар халықтың дүниетанымдағы орныққан фразеологизмдерге айқын мысалдар болып табылады. Қазіргі санада олар тілдік метафоралар мен көркем бейнелер арқылы да сақталған (жарық дүние, жеті қабат жер асты, ит арқасы қиянда, ит тұмсығы батпайтын жер, қарға адым жер, сар дала т.т.). «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен» алынған біраз фразеологизмдердің астарлы мәніне назар аударайық [4, 3-472].

● *ағарып таң атты.* Мұның тура бастапқы мағынасы бар, ауыспалы мағынасы бар. Фразеологиялық сөздікте ауыспалы мағынасы көрсетілген: бостандық, теңдік деген мағынада. Бұл фразеологизмнің бастапқы танымдық мағынасы – ұйқыдан аман- есен ояну, ағарып атқан таңды қарсы алу, жаңа күннің басталуы.

● *ай артынан ай өтті.* Сөздіктегі берілген мағынасы: уақыт озды, мерзім ұзарды. Бұндай түсінік қате емес, бірақ бұл фразеологизмнің астарында психологиялық толғаныс, уақыттың қадірін сезіну, созылмалы күйдегі әрекеттің нәтижесін күту тәрізді мағыналар бар екенін аңғарамыз.

● *айды аспанға бір- ақ шығарды.* Бастапқы мағынасы ай мен күнді аспанға орналастырған, ай мен күннің аспанға шығып кетуі туралы мифтік аңызбен байланысты. Ауыспалы мағынасы: даңқы жер жарды, аты шықты.

● *айдан анық.* Сөздікте келтірінді мағынасы берілген: бешенеден белгілі, ап-айқын. Айдың аспан әлемінде бар екендігі қандай анық болса, бұл да сондай анық деген салыстыра отырып ұқсатудан туған мағынаны береді.

• *айдың аманында*. Танымдық мағынасы: аспан шырақтарының өз орнында болуы, ақыр заман орнамай, айдың аман тұруы. Осында астрологиялық танымдағы Айдың бүкіл тіршілік үшін атқарар магиялық күші сыр береді. Сөздікте келтірінді мағынасы берілген: басымыз түгел, аман есен, тыныштықта.

• *айы оңынан, күн солынан туды*. Бастапқы танымдық мағынасы: жол жүрген жолаушыға, әсіресе көшпелілерге Күн күндіз жарық беріп, Ай түнде жарық беріп, жолына жарық сәулесін түсіріп, диттеген жеріне жетуіне көмектесу. Сөздіктегі мағынасы ауыспалы: жолы болды, бақыты ашылды, дегені болды.

Бұл жерде әлем туралы фразеологизмдердің біршамасын ғана беріп отырмыз. Этностың байырғы дүние танымы, әлем туралы ұғым -түсінігі, наным- сенімі бейнеленген фразеологизмдерде тілді пайдаланушылардың өмірі, қоғам шындығы, табиғат құпиясы, бір сөзбен айтқанда, дүниенің суреті айна-қатесіз берілген.

Фразеологизмдердің танымдық мәні үнемі адамның ішкі дүниесіне, адамның жеке рухани ізденісіне назар аударуынан, әрбір жанның мақсатқа жетудің өзіндік жеке пайымдаудан, өзін құтқарудың мүмкіндігін ұлғайтпақ болған талпынысынан аңғарылады. Өзін құтқару немесе өзін азат ету өмір сүрудің мәні деп ұққан философиялық мән қазақ ұғымындағы көптеген фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болды. Мысалы: қазақтың ауызекі тілінде сақталған «байпағынан басқа сүйенері жоқ» деген фразеологизмнің астарында кісінің ұмтылысы мен әрекетінде көрінетін бірнеше ұғым-түсініктер бар. Біріншіден, бұл фразеологизмнің танымдық мәні фразеологиялық сөздікте көрсетілген «ешбір арқа сүйенері жоқ, таянышы жоқ» деген мағынамен шектелмейді. Екіншіден, оның астарында кісінің өзіне артқан сенімі, мақсатқа жетудің өзіндік жолды іздеуі, өзін қиындықтан құтқармақ болған талпынысы жатыр. Осы жерде «Өзім дегенде өгіз қара күші бар» деген халықтың афоризмі ойға оралады. Ал «балаша мәз болды» деген фразеологизмнің танымдық мәні де айқын: адамның ішкі жан дүниесінің тазалығын, пәктігін аңғартады.

Адамдар жаратылыстың бастапқы құбылыстары тіршіліктің қозғаушы күші тыныс алудан күш алатынына ерекше мән берді. Тынысы тоқталған адам өледі, өлікке айналады. Сондықтан тыныс өмірдің бас белгісі екенін, тыныс алған заттың бәрі – тірі екендігін айғақтайтын тірі деген сөздің қатысуымен жасалған фразеологизмдер бастапқы танымдық мағынасымен қоса ауыспалы мағынада тіршіліктің мәнін айқындайды. *Тірлік болмады* (өмір жоқ, тіршілігі бітті), *тіршілігің құрысын* (бүйтіп тіршілік еткенше, тірі жүрмей-ақ қой), *тірідей жседі* (қатты ұрысты, қатты ұрысып ұялтты), *тірідей жерге кірді* (қатты ұялды, өлердей ұялды), *тірі жанға теңдік бермеді* (ешкімге есесін жібермеді), *тірі аруақ* (дәрменсіз адам, өлген адам сияқты), *тірі жанға көрінбеді* (ешкімнің көзіне түспеді), *тірі жанды жолатпады* (ешкімді жақындатпады), *тірі жан жоқ* (еш адам жоқ), *тірі жаннан қаймықпады* (ешкімнен қорықпады), *тірі жетім* (әке-шешесінен тірі айрылған), *тірі күн* (жақсы тұрмыс, бейбіт өмір), *тірі қызық* (әбден тамаша), *тірі өлік* (құр сүлдесі қалу), *тірі сөз* (жанға нәр, қуат берер, шипа болар жанды сөз), *тірі жан, тісті бақа* (әйтеуір талпынып, ұмтылып жатыр деген мағына) [4, 722-723].

Ежелгі дәуірде адамды табиғаттың құрамдас бөлшектері деп қана қоймай, табиғаттың баламасы ретінде түсінген. Рәсім күнделікті қимыл-әрекеттен дара әрі жоғары қойылған. Адамның табиғаттағы, қоғамдағы орны мен атқаратын қимыл-әрекеттеріне айрықша көңіл аударған. Медицина, астрономия, математика, жаратылыстану ілімдеріне сүйеніп, наным-сенімдер мен ырымдарды күнделікті тіршіліктің нақты фактілерінен бөле-жара қарамаған. Табиғат пен адам өміріндегі табиғи заңның ықпал-құдіретін жоғары тұтқан ежелгі адамдар қимыл-әрекет культін жоғары қойған.

Бұрынғы тәңіршілдік дінінде адам санасының мүмкіншілігіне, әлеуетіне, потенциясына және бақытқа жету жолдарына айрықша назар аударған. Бақытқа жету тоқтамына үш құндылық негіз болған: өмір салты, оның ілімі және оны таратқан қауымдастық. Адам өміріне негіз болған ережелер: дұрыс өмір сүру, оны тазартудың жетілген күйіне жету. Осы қозғалыстың ұтымды құралы – өмірлік білім. Дұрыс өмір де, өмірлік білім де адамды

күйзелістен құтқарған және ізгі ақиқаттарды тануға жетелеген. Адамдар кедергілерді жеңудің жолдары өмірлік білімді жинақтау, оны қолдану, ақиқатты көру деп түйді.

Өмірлік құбылыстардың өзара байланысын және адам мен табиғаттың арақатынасын танып білген ойшылдар қарама-қарсылықтар туралы дүниетанымды қалыптастырды: өмір сүру – өмір сүрмеу, тұрақтылық – кенеттілік, ұқсастық – айырмашылық, бірлестік – көптілік, ізгілік – қараниеттілік туралы маңызды ойларды фразеологизмдер арқылы ұсынды. Бір жақтың болуы екінші жақтың бар болуына да байланысты, затты бір-біріне үйлеспейтін қасиеттер болғанда ғана тануға болады деп адамдардың әрекетін табиғат күштерімен салыстырған. Адам қызметінің сипаты қандай болуы тиіс дегенге үнемі мән берген, оны үнемі назардан тыс қалдырмаған, сондықтан мәдени дәстүрге айналды да фразеологизмдер мағынасында орныққан.

-
1. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. - Алматы, 1998. -197 б.
 2. Философия. Орысша – қазақша түсіндірме сөздік. –Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006.- 400 б.
 3. Чуковский К.И. Всея громадой. «Известия» №168 (13714). Живой как жизнь. М., 1962, стр.159.
 4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: Арыс, 2007.-796 б.